 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
2-деңгейлі СМЖ құжаты	Құжатталған процедура	ҚазҰТЗУ 713 ҚП
	2025 жылғы «_11_» _02_ №1 редакция	

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС


ҚазҰТЗУ 713 ҚП

Алматы 2025

АЛҒЫСӨЗ

**1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Жастар ісі және спорт департаментінің әлеуметтік жұмыс бөлімінде
ӨЗІРЛЕНДІ**

Жастар ісі және спорт
департаментінің директоры
« 03 » 02 _____ 2025 ж.

 _____ Ә.Төлепберген

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - әкімшілік,
әлеуметтік және тәрбие
жұмысы жөніндегі проректор
« 07 » 02 _____ 2025 ж.



_____ С.Шалабаев

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
« 06 » 02 _____ 2025 ж.

 _____ Т.Абуkenов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
« 05 » 02 _____ 2025 ж.

 _____ А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы
« 04 » 02 _____ 2025 ж.

 _____ Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2025 жылғы « 11 » 02 № 2 шешімімен БЕКІТІЛДІ.

4 Алғашқы рет ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 ҚазҰТЗУ-дағы тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері мен принциптері	5
4 Тәрбие жұмысының шарттары мен механизмдері	7
5 Тәрбие қызметін ресурстық қамтамасыз ету	8
6 ҚазҰТЗУ тәрбие жұмысының бағыттары	9
7 Тәуекелдерді басқару	10
8 Бағалау, талдау және жақсарту	11
1-қосымша	13
2-қосымша	14
Өзгерістерді тіркеу парағы	15

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС

№713 Құжаттамалық процедура

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Тәрбие жұмысы және сабақтан тыс жұмыс» процедурасы (бұдан әрі – процедура немесе ҚазҰТЗУ ҚП) «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ) білім алушыларының жеке әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша кешенді жұмыстар жүргізу мақсатында Жастар ісі және спорт департаментінде (бұдан әрі – ЖІЖСД) әзірленді.

1.2 Осы процедураның талаптары білім алушылармен тәрбие жұмысының процестеріне қолданылады.

1.3 Осы процедура бойынша барлық жұмыстарды Жастар ісі және спорт департаментінің директоры бақылайды.

1.4 Процедура 1.2-тармақта көрсетілген процеске қатысатын Университеттің барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;
- «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591-II Заңы;
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №508 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №502 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында психологиялық

қызметтердің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар;

- Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 23 тамыздағы №437 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын студент жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау қағидалары;

- 715 «Білім алушыларды әлеуметтік қолдау» ҚП;

- Жастар ісі және спорт департаменті туралы ереже;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ білім алушыларының әдеп кодексі;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысы;

- ISO 9000 сериялы ХС;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ сапа жөніндегі нұсқаулық;

- Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері;

- Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ жатақханаларында тұру қағидалары;

- Осы құжат.

3 ҚазҰТЗУ-дағы тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері мен принциптері

ҚазҰТЗУ-да Студент жастарды тәрбиелеу – моральдық және әлеуметтік бағдарлардың жіктелуіне, өзгеруіне, студент жастар арасындағы қылмыстың өсуіне, құрдастарына агрессиялық пен қатыгездіктің көрінуіне, суицидке бейімділікке, жеңіл есірткіге деген сәнді көзқарасқа, жастардың алкогольдің, есірткінің, тыйым салынған препараттардың, темекі шегудің денсаулығына нақты қауіптері туралы жеткіліксіз хабардар болуына, жыныстық мәдениеттің болмауына байланысты әлеуметтік орта проблемаларын еңсеруге бағытталған.

Тәрбие жұмысының мақсаты - білім алушының жеке басын, жоғары білімді, кәсіби білімді, дағдыларды, белсенді азаматтық ұстанымды, кең ой-өрісті, гуманизмді, тарих пен дәстүрге деген сүйіспеншілік пен құрметті,

мәдениетті сақтауға және дамытуға қатысуға деген ұмтылысты біріктіретін саланың болашақ маманын қалыптастыру, дамыту болып табылады.

Білім алушылармен тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың таңдаған мамандығының беделі туралы түсініктерін тәрбиелеуге бағытталған қазақстандық студенттердің, тұтастай алғанда үздік дәстүрлерін жан-жақты дамыту және сақтау;

2) оқу еңбегіне, қажеттілік пен еңбек ету қабілетіне саналы көзқарас;

3) білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы, көркемөнерпаздығы, өзін-өзі дамытуы үшін жағдайлар жасау;

4) Білім алушылардың азаматтық қалыптасуы мен патриоттық санасы, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениеті, толеранттылық, ұжымда жұмыс істей білу, салауатты өмір салтына қажеттілік пен дағдылар үшін жағдайларды қалыптастыру;

5) Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілігін және олардың үздіксіз тәрбие процесіне қосқан нақты үлесінің деңгейін арттыру болып табылады.

Бұл міндеттерге қол жеткізуге ҚазҰТЗУ-да құрылған руханият атмосферасы білім алушының жеке басының кәсіби бағытын қалыптастырудың, оның кәсіби шеберлігі мен дағдыларын дамытудың, мамандыққа деген құштарлығының, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыстың маңызды факторы ретінде ықпал етеді.

Тәрбие жұмысының принциптері:

1) Мақсат қою принципі;

Тәрбие жұмысы ортақ мақсатты шешуге бағындырылуы керек. Білім алушыда ортақ мақсатқа сәйкес келетін бірыңғай мақсаттарды қалыптастыру негізінде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау; әрбір іс-шараның орнын тәрбие жұмысының жалпы жүйесінде мақсатқа жету жолындағы кезең ретінде айқындау; тәрбие міндеттерін шешуге жүйелі көзқарас негізінде іс-шараларды дайындау және өткізу болып табылады.

2) Процесті ізгілендіру принципі;

Оны жүзеге асыру қағидалары: білім алушылар мен ЖЖООКБҰ және мемлекеттік органдар өкілдерінің жайлы және қорғалатын өзара қарым-қатынасы, білім алушылардың құқықтарын сақтау және қажетті ақылға қонымды талапты ескере отырып, тәрбие деңгейіне құрметпен қарау; білім алушының үздік қасиеттеріне сүйену: оң және табысты жағдай жасау.

3) Демократияландыру принципі;

Білім алушылардың өзін-өзі дамыту еркіндігі, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі анықтау. Оны жүзеге асыру қағидалары: тәрбие процесінің жеке бағдарланған сипаты; оны білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру; білім алушылардың тыныс-тіршілігін ұйымдастыруда өзін-өзі басқаруды енгізу; педагогтар мен білім алушылардың өзара іс-қимылындағы өзара құрмет пен төзімділік.

4) Мәденилік принципі;

Тәрбиені ұйымдастырудың негізі: жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін мәдениет нормалары мен дәстүрлерге сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтар мен толеранттылықты дамыту; басқа адамдардың, мәдениеттердің, дәстүрлердің, діндердің пікіріне, өмір салтына құрметпен қарау, қоғамның этикалық заңдарының нормативтік талаптарынан аспайтын мәселелерді шешу үшін пікірлер мен тәсілдер плюрализмінің мүмкіндігі болып табылады.

5) Өзара іс-қимыл тиімділігінің принципі;

Әр түрлі типтегі ұжымдарда тәрбиені ұйымдастыру білім алушыларға қарым-қатынас саласын кеңейтуге мүмкіндік береді, әлеуметтік-мәдени өзін-өзі анықтаудың, барабар қарым-қатынастың сындарлы процестеріне жағдай жасайды және жалпы әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын қалыптастырады;

6) Субъектілік бақылау принципі;

Интегралды деңгейде білім алушылардың субъективті бақылау қабілеттері, болып жатқанның бәрі адамның өз күш-жігерінің нәтижесі ретінде қарастырылады, бұл деңгей өзіне - басты кейіпкерге, өз өмірінің субъектісіне жүгінудің көрсеткіші болып табылады.

7) Баламалық принципі;

Тәрбие мазмұнында және білім алушылармен жұмыс формаларында әртүрлі технологияларды қолдану.

4 ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Барлық бөлімшелердің күш-жігерін үйлестіруде әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың басшылығымен Жастар ісі және спорт департаменті жүзеге асыратын тәрбие қызметін жоспарлау және іске асыру шешуші рөл атқарады. Бұл барлық бөлімшелердің, профессорлық-оқытушылық құрамның, қоғамдық ұйымдар мен білім алушылардың күш-жігерін үйлестіруге, олардың күштері мен мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға, тәрбиелеудің әртүрлі формалары мен әдістерін белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Процесті тиімді ұйымдастыруға интернет-сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы тәрбие жұмысын жедел және жоғары сапалы ақпараттық қамтамасыз ету де ықпал етеді.

4.2 Студенттік өзін-өзі басқару – білім алушылардың ҚазҰТЗУ-дағы студенттік өмірін басқаруға қатысуының ерекше нысанын білдіреді. Студенттік өзін-өзі басқару келесі міндеттерді шешуге:

1) Университет қызметінде, сондай-ақ оқу-тәрбие стратегиясын қалыптастыруда студенттік бастамаларды кеңейтуге;

2) Білім алушыларда ҚазҰТЗУ-дың заңдарына, адамгершілік нормаларына және ішкі тәртіп қағидаларына құрметпен қарауға тәрбиелеуге;

3) Дәстүрлерді сақтауға және ұстауға;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;

5) Білім беру процесін ұйымдастыруда және жетілдіруде әкімшілікпен, профессор-оқытушылар құрамымен ынтымақтастыққа;

6) Оқу және еңбек тәртібін бақылау жүйесін ұйымдастыруға, көтермелеуге, қоғамдық және тәртіптік ықпал ету шаралары жүйесін бұзушыларға уақтылы қолдануға;

7) Еріктілер қозғалысын ұйымдастыруға;

8) Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыруға, студенттік ұжымның әрбір мүшесінің жеке басының жан-жақты дамуына жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының ҚазҰТЗУ-дың басқару органдарымен өзара іс-қимылы өзара көмек, құрмет және серіктестік принциптеріне негізделген.

4.3 Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы кафедралар (тілдік кафедралар, қоғамдық пәндер және т.б.) білім алушылардың философиялық, гуманитарлық, ғылыми білімдерін қамтамасыз ете отырып, тәрбие процесінде ерекше орын алады. Осы бағыттағы пәндерді зерттеу - білім алушылардың диалектикалық ойлауын дамытады, саяси және құқықтық мәдениетті, шығармашылық пікірталастарға қатысу дағдыларын қалыптастырады, қоғамның күнделікті өмірінде белсенді ұстанымды дамытуға, азаматтық құндылықтарды қабылдауға ықпал етеді.

4.4 Институт дирекциясы білім алушылармен тәрбие жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның мазмұны, ұйымдастырылуы мен нәтижелері үшін жауап береді.

5 ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІН РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

5.1 Психологиялық-педагогикалық қолдау. Профессор-оқытушылар құрамының білім алушыларды тәрбиелеуге қатысуы; студенттік бірлестік-қауымдастықтардың жобалары мен мақсатты бағдарламаларын дайындауға әдістемелік басшылық жасауы; білім алушыларды бейімдеудің әдістемелік ұсынымдарын қалыптастыруы; кеңес беруі және психологиялық көмек көрсетуден тұрады.

5.2 Ақпараттық қолдау. Бұл интернет желісіне кең қол жетімділікті, білім алушылардың қоғамдық-маңызды қызметін қолдайтын сайттарды ұйымдастыруды, жастар бұқаралық ақпарат құралдарымен (бұдан әрі - БАҚ) өзара іс-қимылды, университетшілік БАҚ-ты ұйымдастыруды; тәрбие мәселелері бойынша баспа қызметін қамтамасыз етуден тұрады.

5.3 Ғылыми-әдістемелік қолдау. Университеттің тәрбие функциясын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін білім алушылар мен оқытушылар үшін ғылыми-әдістемелік әзірлемелер жасауда, конференциялар, дөңгелек үстелдер, оқыту бағдарламаларын өткізуде көрініс табады.

5.4 Ұйымдастырушылық-басқарушылық қолдау. Ол тұрақты зерттеуді, жалпылауды, оң жұмыс тәжірибесін таратуды, сондай-ақ институттарда, бөлімшелерде тәрбие жұмысын үйлесімді жоспарлауды қамтиды.

5.5 Шетелдік білім алушыларды қолдау. Жастар ісі және спорт департаменті шетелдік білім алушыларды мәдени-демалыс қызметі, сондай-ақ жатақханамен қамтамасыз ету сияқты бағыттар бойынша бейімдеуге жәрдемдеседі.

6 ҚазҰТЗУ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

6.1 Кәсіби-еңбек тәрбиесі. Студенттік өзін-өзі басқару қызметі, жұмысшы кәсіптерін дәріптеу, «Еңбек адамы» идеологиясын дамыту.

6.2 Рухани-адамгершілік бағыт. Абай Құнанбаевтың шығармашылығын, «Толық адам» тұжырымдамасын зерделеу және насихаттау:

1) «Нұрлы ақыл» - ұлттық, еуразиялық құндылықтарды, пассионарлық теорияны нығайту және білім алушыларда құқықтық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ түлектермен жұмыс. Жоғары мәдениетті және жауапты тұлғаны қалыптастыру үшін орта құру;

2) «Ыстық қайрат» - білім алушылар арасында салауатты өмір салтын, ұлттық спорт түрлері мен ойындарды насихаттау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және заманауи өнерге баулу. Нашақорлықтың, темекі шегудің, алкоголизмнің, лудоманияның алдын алу;

3) «Жылы жүрек» - білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету, әртүрлі жағдайларға бейімделу, өмірлік қиын жағдайда қолдау көрсету. Жетістіктері үшін ынталандыру. Волонтерлер қозғалысын дамыту (өзара көмек).

6.3 Волонтерлік қызметті ұйымдастыру. Волонтерлік жұмыстың рөлі мен маңыздылығын оқыту, білім алушылардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын және азаматтық ұстанымын дамытуды ынталандыру, қалалық және жалпы республикалық сенбіліктерге қатысу.

6.4 Патриоттық тәрбие: Қазақстанның ұлттық мерекелері мен тарихи оқиғаларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру, конкурстар, көрмелер, спорттық және мәдени іс-шаралар өткізу, Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлескен іс-шаралар.

6.5 Білім алушылардың дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру: білім алушылар үшін спорт секцияларын, жарыстар мен жаттығуларды ұйымдастыру, белсенді өмір салтын ынталандыру және ұлттық спорт түрлерін дамыту.

6.6 Білім алушылардың мәдени-эстетикалық тәрбиесі мен шығармашылық әлеуетін дамыту: концерттер, көрмелер, театр қойылымдары, әдеби кештер және басқа да өнер түрлері сияқты мәдени іс-шараларды ұйымдастыру. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және түрлі мәдени жобаларға белсенді қатысуға жәрдемдесу.

6.7 Құқықтық тәрбие беру және парасаттылықты қалыптастыру: қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, есірткі және басқа да тыйым салынған

заттарды тарату саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және ақпарат жеткізу, кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ білім беру іс-шараларын, тренингтерді, дәрістер мен талқылауларды өткізу, сондай-ақ білім алушылар арасында заңгерлік, құқықтық, қаржылық сауаттылық және харассмент, буллинг, құмар ойындар, лудоманияның алдын алу бойынша жауапты мемлекеттік органдарды тарта отырып, білім алушылармен білім беру іс-шараларын, тренингтерді, дәрістер мен пікірталастар өткізу.

6.8 Психологиялық көмек: білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету, осы проблемаларды еңсеру үшін қажетті ақпарат пен ресурстарды ұсыну. Психологиялық қызметтің қызметі білім алушылардың тұлғалық-эмоционалдық дамуын психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6.9 Ақпараттық-ағарту жұмысы мен ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану: өзекті әлеуметтік проблемалар мен сын-қатерлер, олардың себептері мен салдары қаралатын дөңгелек үстелдер, семинарлар, дәрістер мен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру. Сондай-ақ ақпаратты тарату мен білімді және саналы жастар аудиториясын қалыптастыру, әлеуметтік желілер, вебинарлар, онлайн-платформалар сияқты тәрбие жұмысында заманауи технологияларды белсенді пайдалану үшін ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер мен подкасттар белсенді қолданылады. Бұл білім алушылардың көбірек қамтылуына ықпал етеді, оларға ақпарат пен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қарым-қатынас пен өзара іс-әрекеттің ыңғайлы нысанын қамтамасыз етеді.

7 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

1. Тәрбие және сабақтан тыс жұмыстардың тәуекелдерін жіктеу

– **Студенттердің әлеуметтік бейімделуіне байланысты тәуекелдер:**

– Жастар бастамаларын жеткіліксіз қолдау білім алушылардың Университеттің қоғамдық өміріне қатысуға қызығушылығының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Жатақханадағы орындарды бөлу кезінде ашықтық пен объективтілік бұзылған жағдайда, мұқтаж студенттерді төсек-орындармен қамтамасыз ету бойынша қызметтердің сапасыз көрсетілуі мүмкін. Әлеуметтік қолдау көрсету кезіндегі бұзушылықтардың салдары әлеуметтік төлемдердің уақтылы төленбеуі, сондай-ақ ЖОО-ның беделін жоғалту болуы мүмкін.

– **Психологиялық қауіптер:** Стресс, депрессия, шамадан тыс жүктеме, оқу жүктемесінің жоғары деңгейінен және психологиялық қолдаудың болмауынан туындаған психологиялық бұзылулар.

– **Тәртіпке байланысты тәуекелдер:** Тәртіпті бұзу, ішкі тәртіпті бұзу.

– **Физикалық тәуекелдер:** Оқудан тыс іс-әрекет барысында студенттердің қауіпсіздігіне байланысты оқиғалар.

– **Ұйымдастырушылық тәуекелдер:** Кафедралар, психологиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері, студенттердің өзін-өзі басқару органдары арасындағы үйлестіру мен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі, бұл оқу процесінде жағдайды бақылаудың жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін.

2. Тәуекелдерді басқару әдістері

– **Алдын алу шаралары:** Студенттердің әлеуметтік бейімделуін жақсартуға, стресс пен депрессияның алдын алуға, тәртіп пен қауіпсіздік мәселелері бойынша студенттердің сана деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және енгізу.

– **Студенттерді оқыту және ақпараттандыру:** Студенттердің оқу орнындағы мінез-құлық қағидалары мен нормалары туралы, сондай-ақ оларды бұзудың ықтимал салдары туралы үнемі хабардарлықты арттыру.

– **Психологиялық және әлеуметтік қолдау:** Кеңес беру қызметтері мен психологиялық көмекті қоса алғанда, қиын жағдайларда студенттерге көмек көрсету тетіктерін құру.

– **Мониторинг және бақылау:** Студенттердің мінез-құлқы мен олардың психологиялық денсаулығының жай-күйіне тұрақты мониторинг жасау. Оқытушылармен және оқу орнының әкімшілігімен кері байланыс жүйесін құру.

ҚазҰТЗУ студенттерінің оқудан тыс іс-әрекетінің тәуекелдерін басқару - тәрбие жұмысының жалпы стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол іс-шараларды өткізу, клубтарға қатысу және спорттық қызметтер барысында туындауы мүмкін қауіптердің алдын алуға және азайтуға бағытталған. Тәуекелдерді тиімді басқару студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ғана емес, олардың үйлесімді дамуы мен жеке өсуіне жағдай жасауға да ықпал етеді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру барысында Жастар ісі және спорт департаменті мен Тәуекелдерді басқару бөлімі арасында жыл ішінде тоқсанына 1 рет ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.

8 БАҒАЛАУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ

Университеттің тәрбие жұмысының сапасына мониторинг әр түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу және өткізу туралы есептер/аналитикалық анықтамалар негізінде жүргізіледі. Тәрбие қызметі мониторингінің негізгі көрсеткіштері:


- Университетте тәрбие жұмысын реттейтін нормативтік құжаттардың, ішкі жергілікті актілердің, ережелердің, лауазымдық нұсқаулықтардың, әдістемелік материалдардың болуын;

- Университетте тәрбие жұмысының ағымдағы жоспарларының болуын;
- Тәрбие жұмысы туралы есептің болуын, Университеттің Ғылыми кеңесінде тәрбие жұмысының мәселелерін қарауды;
- Университеттегі оқиғалар/іс-шаралар жоспарын, қоғамдық бірлестіктердің жұмыс кестесін, спорт секцияларының жұмысын және т.б. қамтитын білім алушылар үшін қолжетімді ақпарат көздерінің болуын;
- Студенттік өзін-өзі басқарудың болуы мен жұмысын;
- Тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу үшін материалдық-техникалық базаның болуы (жұмыс орындарын, студенттік ұйымдардың үй-жайларын, акт және дайындық залдарын, спорт залдарын және т.б. ұйымдастыру);
- Университеттің бюджеттен тыс қаражатынан тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қаражат бөлуін;
- тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізуді (әр түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу/ өткізу; іс-шараларға қатысатын білім алушылардың саны; шығармашылық ұжымдар мен спорт секцияларында жұмысқа тартылған білім алушылардың саны; студенттердің ғылымдағы, қоғамдық және оқу қызметіндегі жетістіктері);
- құқық бұзушылықтарды есепке алу, профилактикалық жұмыстар (хаттамалар бойынша), сәйкессіздіктермен жұмыс істеу жүйесінің болуын (бұйрықтар, жазалау туралы өкімдер, жатақханаларға бару нәтижелері бойынша хаттамалар және т.б.), құқық бұзушылықтардың және аддитивті мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар санын (құқық бұзушылықтар саны);
- «Кері байланыстың» болуын (студенттерге сауалнама жүргізу, пікірлерін сұрау), оның ішінде Университеттегі тәрбие жұмысын одан әрі түзету мақсатында студенттердің пікірлерін зерделеу үшін олардың сауалнамаларының ерекше маңызға ие болуын;
- Студенттерді, қызметкерлерді көтермелеу жүйесінің болуын, материалдық және моральдық ынталандыруды (сыйлықтар, құрмет грамоталары, белсенді қоғамдық жұмысы үшін алғыс хаттар алған студенттер саны, тәрбие қызметі саласында - ректордың бұйрықтары, өкімдері, қызметтік хаттары бойынша);
- Білім алушылар өкілдерінің Ғылыми кеңес жұмысына қатысуын;
- Әлеуметтік әріптестікті кеңейту және Университет имиджін арттыруды (шығармашылық ынтымақтастық, серіктестік туралы шарттардың, келісімдердің болуы);
- Студенттерді әлеуметтік қорғау жүйесін көрсетеді.

1-қосымша

«Тәрбие және сабақтан тыс жұмыс» ПРОЦЕСІНІҢ БЛОК-СХЕМАСЫ


Әлеуметтік-тәрбие жұмысын дамыту тұжырымдамасы Satbayev university



2-қосымша

Сәтбаев Университетінің әлеуметтік-тәрбие жұмысын дамыту тұжырымдамасы

Әлеуметтік-тәрбие жұмысын дамыту тұжырымдамасы Satbayev university



Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні және нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы